

Өткен уақыты: 27 сәуір, сағ 11-00.

Іс-шараның мақсаты: қоғамдық саяси әдебиеттер мен қазақ тарихын насихаттау, жастарды отанды сүйеге, ұлтты құрметтеуге баулу.

Қазақ халқы мекен еткен ұшқан құстың қанаты мен шапқан аттың тұяғы талатын ұшы қиыры жоқ ұлан ғайыр байтақ даламызда, сан ғасырлық сырға толы шежірелі тарихы бар аумалы-тоқпелі замандар өткен. Сонау қилы замандар қошінде қазақ даласы қаншама азапты азалы құндерді басынан кешірген. Қоптеген жаумен шайқасып, талай хандармен билер, батырлар елдің азаттығымен бейбіт тыныштығы үшін бастарын қатерге тігіп жандарын құрбан етіп алашта талай ерлер өтті. Биыл қазақ хандығының құрылғанына 550 жыл толып отыр. Осыған орай алаш ерлерінің ерлігін дәріптеп батырлығын бағалап хандардың қайсарлығын келер ұрпаққа кенінен насихаттау аясында облыстық арнайы кітапханада тарихтан сыр шертетін танымдық іс-шара өтті.

Тарихқа үніліп өткеннің парактарын ақтарар болсақ алысқа бармай-ақ кешегі қазақтың сонғы ханы болған Кенесары Қасымұлын алайық. Шыңғыс ханның 27 ұрпағы, хан Абылайдың немересі, халық хан Кене атанған Кенесары Қасымов 1802 жылы өмірге келіп 1847 дүниеден өткен.

1827 жылдан бастап Абылайдың ұрпақтары қазақ хандығын патшалық Ресей езгісінен босату жолындағы құресте белсенділік танытты. Кенесарының әкесі Қасыммен ұлкен ағасы Санжар бастаған жасақтар орыс ауылдарымен керуендеріне шабуыл жасап тұрды, қазақ ауылдарын отарлық бұғаудан босатты. Міне солардың жолын жалғастырушы Кенесары Қасымұлы да мемлекет тәуелсіздігін өте маңызды іс екенін халық санасына құюда қыруар еңбектер атқарды. Мемлекет мүддесін қорғау жолында жауды жеңіп, тәуелсіздікке қол жеткізу үшін халықты біліктілікпен басқару қол септігін тигізетінін ол жете түсінді. Кенесары хан 1837-1847 жылдары ұлт азаттық қотерілісін бастап патша үкіметіне қарсылық білдіріп өз елінің еркіндігі үшін бар жанымен аянбай тер тоқты.

Қазақ халқы оның батырлығын ұлықтап, ерлігіне тамсанып 1841 жылы орта жүзден хан етіп сайлады. Өмірін өз ұрпағының келешегіне арнап кеудесінен сонғы демі шыққанша жаумен шайқасып, қайсар жүректі асыл ер 1847 жылы ерлікпен қаза тапты. Тарих

«Алашта талай талай, ерлер өткен» (Қазақ хандығының – 550 жылдығына орай)

Авторлар: спецbib
28.04.2015 16:49 -

қойнауында ашылмай, тын зерттеулерді қажет ететін Қенесарының ерліктері әлі де сырға толы іздері бар.

Кітапханаға келген оқырмандар Қенесары Қасымұлы жайында көптеген сырларға қанық болып, біршама мәліметтер мен сусындап, тарихтың түңгигына батып, жүріп өткен өмір жолымен онегелі істеріне, ерліктері мен ерен еңбегіне тәнті болып ерекше әсер алды. Кеш барысында оқырмандар Қенесары Қасымұлына арналған бейнероликтерді тамашалап кітап қорына қойылған сөрелерден «Хан Қене» сынды көптеген кітаптармен танысты. 45 жыл ғұмыр кешкен батыр қолбасшы әрі алаштың соңғы ханы Қенесары есімі мәңгілік ел жадында сақталып, келер ұрпақ жүрегінде жатталып тарих торінде, қоніл қогінде тұрары анық.



«Алашта талай талай, ерлер өткен» (Қазак хандыгынын – 550 жылдыгына орай)

Авторлар: спецбп
28.04.2015 16:49 -

